



Кенен Әзірбаев шығармашылығы: шығыс сюжеттері және олардың поэтикалық түрленісі¹

Б.Ж. Омаров

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: b_om777@mail.ru)*

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:
ақындық өнер,
авторлық
ауызша поэзия,
шығыс сюжеті,
«Тотынама»
хикаясы, ертегі,
эпсана, мысал,
поэтикалық
трансформация.

XFTAP 17.71.91

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-78-98>

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада авторлық ауызша поэзияның көрнекті өкілі Кенен Әзірбаевтың түрлі жанрадағы шығармалары, Шығыс құндылықтарынан, әсіресе, Үнді әдеби ескерткіштерінен енген «көшпелі сюжеттерге» негізделген оқиғалар, мотивтер және желілер қарастырылған. Автор қазақтың халық ақынының «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» атты мысал өлеңіне, «Үш кедей» ертегісіне, «Бұрынғы өткен батырлар» дастанына суырып салмалық дәстүрмен жырланған шығармалардың мазмұны мен поэтикалық құрылымын Нахшаби «Тотынамасындағы» тәмсілдердің түпкі мәтінімен және әр жылдарда Хайдари, ән-Наари, Фаизханұлы, Тобыш жариялаған кейінгі нұсқалармен салыстыра отырып ғылыми талдау жасаған. Зерттеу нәтижесінде бастапқы жазба ескерткіштер мен фольклорлық дереккөздердің нақты мәдени-тарихи ортада көркем тұрғыдан түрленуінің және жеткізілуінің көп сатылы үдерісі, сондай-ақ оларды жергілікті аудиторияның қажеттіліктеріне орай бейімдеудің ерекшеліктері ашып көрсетілген. Қазақтың ұлттық аспабы – домбыраны шебер игерген, ғаламат әншілік өнерімен, ерекше дауысымен дараланған Кенен Әзірбаевтың жоғары орындаушылық шеберлігі оның осы аталған шығармаларының қалың жұртқа кеңінен танылып, жан-жақты таралуына жол ашты. Кенен Әзірбаевтың теңдессіз өлең-толғауларды жырлап шығарған арқалы ақын болғаны ғана емес, сонымен қатар, шығыстың сөз өнерін жетік білгені, саналы ғұмырында қазақ пен қырғыздың ауызша халық әдебиетінің баға жетпес үлгілерін жинаумен және өңдеумен айналысқаны, ал бұл үрдіс оның шығармаларындағы фольклор, ауызша поэзия және жазба әдебиет элементтерінің үйлесімді синтезінен байқалатыны атап көрсетіледі.

Received 17 October 2022. Revised 20 October 2022. Accepted 03 November 2022. Available online 30 December 2022.

For citation:

B.Zh. Omarov Kenen Azirbayev's works: eastern plots and their poetic transformation // Turkic Studies Journal. – 2022. – Vol. 4. – №4. – P. 78-98. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-78-98>

Дәйексөз үшін:

Б.Ж. Омаров Кенен Әзірбаев шығармашылығы: шығыс сюжеттері және олардың поэтикалық түрленісі // Turkic Studies Journal. – 2022. – Т. 4. – №4. – 78-98 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-4-78-98>



¹ Мақала ҚР ҒЖЖБ гранттық қаржыландыратын AP14869710 «Түркі халықтарының авторлық ауызша поэзиясы: генезис, типология, поэтика» атты ғылыми жоба аясында әзірленді.

Кіріспе

Қазақ әдебиетінде ежелгі дәуірден келе жатқан көшпелі сюжеттер негізінде жаңа көркем дүние жазу дәстүрі ілгеріректе қалыптасқан. Әдетте мұндай шығармаларды бағалау барысында авторлық туындыға, яғни негізгі дүниеге көбірек көңіл бөлінеді де, оған түрткі болған аңыз-эпсаналардың түп-төркініне жете назар аударыла бермейді. Сондықтан біз бүгінгі мақаламызда осы мәселеге ден қойып, көне хикаялардың тарихына терең бойлауға тырысамыз.

Қастерлі құндылықтарға мейлінше зер салып, ескі жәдігерліктерді шығармаларына барынша арқау екен жыр жүйріктерінің бірі халық ақыны Кенен Әзірбаев екені – даусыз ақиқат. Соңына мол мұра қалдырған суырыпсалма жыршының соқталы туындылары негізінен ауызша жырланғаны баршаға белгілі. Соған қарамастан ақынның жазбаша дүниеге бергісіз өлең-толғаулары күні бүгінге дейін көркемдік тұрғыдан үнемі жоғары бағаланып келеді. Кененнің авторлық ауызша поэзияның үздік үлгілері ретінде қазақ руханиятының қазынасын байытқан шығармалары жан-жақты қырынан толық зерттелді дей алмаймыз.

Кенен мұрасына байланысты көп қозғала қоймаған тақырып – оның өз шығармаларында көне дәуірдегі шығыс сюжеттерін қолдану ерекшеліктері. Бұл – ақын өмір сүрген замандағы сөз сүлейлерінің бәріне дерлік ортақ құбылыс. Бірақ сюжетті зерттеу, өңдеу, қайта жырлау, жаңа шығарма туындату мәселелерін Кенендей жетік білген шайырдың көп емес екенін мойындауға тиіспіз. Өйткені ол – ауыз әдебиетінің құндылықтарын өте көп жинаған, қолына түскен жәдігерліктерді талғампаздықпен сұрыптай білген, ескі сюжетке жан бітіріп, көркемдік қасиет дарытқан, өзге халықтардың фольклорлық нұсқаларынан енген кірме дүниелерді ұлттық сипатымызға бейімдеген дара тұлға.

Халық ақынының танымы терең, түйсігі жоғары болғанына талас жоқ. Оның шығыс қиссаларын көп тыңдағаны, ескі әңгімелерді жетік білгені, тарихи жадын үнемі жаңғыртып, арғы-бергі шежірені қаузап отырғаны – басы ашық нәрсе. Ой-санасы тұнық, қиялы жүйрік, қарым-қабілеті мол Кенен көкірек көзінде жинақталған сансыз мәліметтерді шығармашылық үдеріске молынан пайдаланды. Ақын жадында жатталып, санасында қатталған аңыз-әңгімелерді алдымен бойы ауызша айтып, елдің құлағын әбден үйреткеннен кейін ғана соның негізінде жаңа шығарма туындатқан. Кененнің мұндай дүниелері жеткілікті және қазіргі әдебиеттанудың жоғары талаптарына толық сай келеді.

Сондықтан біз бұл зерттеуімізде ақынның шығыс сюжеттерін қай тұрғыдан қолданғанына, көне құндылықтардың жаңа туындыда қалай көрініс тапқанына назар аудардық, қарасөзбен айтылатын тәмсілдердің авторлық ауызша поэзиясының нысанасына айналған кезде қайтіп түрленгеніне, көркемдік кестесі қалай түзілгеніне ден қойдық.

Зерттеу әдістері мен дерек көздері

Бұл еңбегімізде тарихи-типологиялық және салыстырмалы зерттеу әдістерін қолдандық. Сондай-ақ зерттеудің жалпы заңдылықтарына да сүйендік. Бірқатар ежелгі

құндылықтарда көрініс тапқан көне сюжеттердің мазмұндық және көркемдік тұрғыдан өзгеріске түсу ахуалын зерделеп көрдік. Оқиға желісі жағынан төркіндес бірнеше шығарманы қатар алып қарастырдық. Соның бәрі Кенен Әзірбаев туындыларына қалай ықпал еткеніне назар аудардық.

Мақалада ақынның ауызша жырланған бірнеше жыр-толғаулары мен өзі ұзақ жыл бойы жинаған аңыз-әңгімелері нысанаға алынды. Атап айтқанда, Кененнің «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» атты мысал өлеңінің өзегіндегі көне сюжеттің төркінін айқындау үшін «Веталаның жиырма бес әңгімесі», Зияаддин Нахшабидің «Тотынамасы», Сайид Хайдар Бахш Хайдаридің «Тотының әңгімелері» («Тота Кахани»), Имад ибн Мұхаммед ән-Нааридің «Түнгі жауһарлар» («Джавахир ал-асмар»), сондай-ақ, «Тотынаманың» Ғ. Файызханұлы аударған нұсқасының Қытайда қазақ тілінде басылған жарияланамы, Нияз Тобыштың көне түркі тілінен аударған нұсқасы жан-жақты қарастырылды. Осыған орайлас келетін Кененнің өзі жинаған қазақтың «Үш кедей» ертегісінің мазмұнына да байыптама жасалды. Сонымен қатар, суырыпсалма жыршының «Жалғыз қаз» дастанының оқиға желісі халқымыздың «Хан қызы», «Жаман адамды...» және «Әуеде қаз қаңқ етті» деген ертегілерінің сюжетімен сабақтастыра талданды. Ақын қоржынындағы «Қаба сақалды хан» аңызының Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы мен Бекет Өтетілеуовтің «Данышпан қазы» дастаны оқиғаларымен ұқсастықтарына мән берілді. Кененнің «Бұрынғы өткен батырлар» дастанындағы кейбір эпизодтардың «Гүл мен самұрық», «Аю дәу», «Жарты Төстік», «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталтаң», «Делдаш батыр», «Ханшентей», «Құйым батыр», «Бөген батыр» сияқты ертегілердің сюжеттерімен тамырластығы нақты мысалдармен дәлелденіп көрсетілді.

Кенен Әзірбаев шығармашылығында шығыс сюжеттерінің поэтикалық тұрғыдан трансформациялануы туралы ой-тұжырымдар жасау барысында теориялық еңбектер пайдаланылып, сюжеттердің сабақтастығын танытатын мысалдар алға тартылды. Шығыс сюжеттерінің пайда болуы мен дамуы, өзге туындыларға кірігуі, мазмұны жағынан адамзат баласына ортақтығы жөнінде ой қорытылды. Авторлық ауызша поэзия өкілінің шығармашылық әлеуетіне, қарым-қабілетіне, жыршылық мүмкіндіктеріне нақты баға берілді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Ақынның поэтикалық мұрасы дәл осы тұрғыдан қарастырылмаса да, бұрын белгілі әдебиеттанушылар тарапынан зерттеу нысанасына айналғаны белгілі. Кененнің шығармашылық өмірбаяны түзіліп, ауызша жырланған туындылары ғылыми түсініктемелеріне қоса әлденеше рет басылып шыққан. Жыршының өлең-толғаулары М. Жолдасбеков пен Н. Төреқұлов (Жолдасбеков, Төреқұлов, 1992), Т. Кененова мен А. Серікбаева (Кененова, Серікбаева, 1977), Б. Кененұлы (Кененұлы, 2019:7), С. Негимов (Негимов, 2019: 8), М. Құл-Мұхаммед (Құл-Мұхаммед, 2021: 3-4), А. Өтен (Өтен, 2008) сияқты ғалымдардың және зерттеушілердің монографиялық еңбектері мен ғылыми мақалаларына арқау болған. Бұл зерттеулердің бәрі де осы мақаланы әзірлеу кезінде барынша пайдаланылды.

Бірақ Кенен шығармашылығындағы шығыс сюжеттерінің қолданылу, өңделу, аудиторияға бейімделу және синтезделу мәселесіне зерттеушілер тарапынан нақты назар аударылған емес. Бұл зерттеуде сол олқылықтың орнын толтыруға тырысамыз.

Талдау

Кенен Әзірбаевтың «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» атты мысал өлеңі – шығыс аңыздарынан нәр алған шығармалардың бірі. Бұл өлең тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан ұлттың ұлағатты дәстүрін дәріптеуге арналған. Бір қарт кісінің отының басынан береке қашып, үш баласының үш жаққа тартуы – тағылымды тәмсілдің туындауының алғышарты дер едік. Үлкен келіндері жайсыз болып, үй ішінің мазасы кеткен кезде әлгі қартқа бақ, қыдыр, ынтымақ үшеуі адам кейпінде келіп, тіл қатып, қоштасып кетуге рұқсат сұрапты. Сөз шебері Кенен ақын өз дәуірінен бұрынғы талай аңыз-хикаяларға өзек болған осы тәмсілді көркем бейнелейді. Яғни, сан ғасырдан бері желісін үзбей келе жатқан сюжет сәтті трансформацияланған. Мағыналы мысал өлеңде өткен күнге деген сағыныш та, тату-тәтті дәуренге деген қимастық сезімі де, ата салтқа деген қадір-құрмет жоралғысы да ерекше көрініс тапқан. Өлеңнің сарынынан адамға жақын асыл құндылықтардың өздері ұзақ уақыт серік болған жақсы жанның маңынан алыстағысы келмей тұрғаны анық аңғарылады. «Бақ-береке кеткен жерден бәрі де кетеді» деген қанатты қағида, өмірлік философия бұл шығарманың өн-бойына басты желі болып тартылған.

*– Көп жылдан бері жолдас болған едік,
Мал, басыңа құт болып қонған едік.
Береке жоқ бүгінде отбасында,
Қалағаныңды алып қал, біз кетелік.*

*Сонда қарт: – Айырылмаймын сенен, – депті,
Көңілің неге қалды менен, – депті.
Бақ, қыдыр ақсақалға қарап тұрып:
– Біздің мекен ынтымақ, пейіл, – депті (Әзірбаев, 2008: 170).*

Кенен өлеңіне өзек болған мысал – белгілі шығыс аңызының кең таралған сюжетінің түрленген нұсқасы, дәлірек айтқанда бір үзігі. Тек өзге танымал нұсқаларда кейіпкерге адам бойындағы асыл қасиеттер біртіндеп келіп, кезекпен үн қатады. Қарт кісі болса, өзімен қоштасуға бекінгендерін «кетсең кет» деп, қуып жіберіп отырады. Ең соңғысы ғана иесін қимай немесе оның орынды уәжіне тоқтап, қасында тұрақтап қалады. Ал Кенен шығармасының кейіпкері өзіне келіп жүгінген бақ, қыдыр, ынтымақты қуып жібермейді. Керісінше, «сенен айырылмаймын» деп, бірден өз тоқтамын айтады, «менен көңілің неге қалды?» деп, мәмілеге шақырады. Бұл тұрғыдан алғанда, дала дипломатиясының мектебінен өткен Кененнің кейіпкері өзінен аулақтауды ұйғарған қастерлі құндылықтардың бейнелік болмысы ретіндегі бақ, қыдыр, ынтымаққа басу айтып, ымырашылдық көрсетеді.

Дәстүрлі сюжет желісіне сәйкес, әлгі бағалы қасиеттердің біреуі иесін айналшықтап кете қоймаған соң, қалғандары да қайтып оралады. Аңыздың барлық нұсқасында да бұл құндылықтардың адамнан безінуге бел байлауына белгілі бір ахуал себеп болады. Кенен өз кейіпкерінің басына түскен жағдайды былайша танытады: «Бар еді үш келіні, үш баласы, Күнде жанжал, ұрыс боп оттың басы. Кемпір-шал, не сұраймыз, – деп отырды, Аппақ құдай ағарып сақал, шашы». Яғни, халық ақыны асыл мұраны қайта жаңғыртып, өз жанынан қосып жырлау барысында өзгеше құрылым түзеді. Сюжетті өз ыңғайына, ұлт сипатына икемдеп, қазақы салт-санаға сай келетін мысал түріндегі шығарма туындатады.

Әлемдік нұсқалардың бәріне тән үрдіс бойынша, соңында әлгі қасиеттердің бәрі емес, біреуі ғана ақсақалмен (кейде патша, кейде шах, кейде шаһзада) бетпе-бет қалады. Сонда ол адам өзінің осы қасиетке тәуелділігін немесе қимастығын байқатып, өз қасынан ұзатпағанды жаны қалайды. Барлық нұсқада да адами құндылықтар кейіпкермен диалог құрайды. Сөз сайыстырады, дауласады, мәмілеге келеді. Негізінен олар кейіпкердің түсіне кіріп, түрлі кейіпте көрініс байқатып, өз сөзін айтады. Ал Кенен өлеңінде бұл құндылықтар түске немесе басқа пішінге (әйел, қарт кісі, жас жігіт, періште, т.б.) еніп, тәжікелесіп тұрып алмайды.

Кенен Әзірбаевтың мысал өлеңнің мазмұнын қазақ табиғатына бейімдеп, ұлт болмысына орайластырып, өзгеше түрлендіргенін жоғарыда айттық. Сондай-ақ, ол мәселенің түйінін шешетін тұлға ретінде қазақ шаңырағында айрықша рөл атқаратын кіші келін бейнесін даралап шығарады:

*Құлдық деп түрегелді кенже келін,
– Ағажан, өзің тексер көнбегенін.
Сұраңыз ынтымақты берер болса,
Көерміз бақ, қыдырдың келмегенін.*

*Осылай кіші келін ақыл тапты,
Қош айтып, бақ пен қыдыр кетіп қапты.
Әкеліп келініне берді атасы,
Кіші келін қолға алды ынтымақты (Әзірбаев, 2008: 170).*

Кенен шығармасында кейіпкер қарттың ешқайсысын жанынан құмағанына, қайта «мен сенен айырылмаймын» деп жанұшырғанына қарамастан, бақ пен қыдыр кетіп қалады. Сол кезде отбасылық бірліктің символына айналған кіші келіннің атасынан аталған қасиеттердің басын қосатын ынтымақтан ажырамауды өтініп сұрауы ақынның сюжетті иін қандырып илеп, өзгеше шешімге бел буғанын көрсетеді. Бұл тұжырымның ақ босағаның діңгегі саналатын келіннің ауызынан айтылуы қазақ шаңырағындағы ана рөлінің айрықша дәріптелгенін аңғартады. Осы өлеңнің шығыс дәстүрін жалғастырып, қазақ топырағына танытқаны өз алдына, жұртшылықты ынтымақ пен бірлікке үндеп, отбасылық құндылықтарды сақтауды қалайтын ұлттық ұстанымы мен тәрбиелік маңызының өзі арнайы талдап-таразылауға тұрарлық.

Енді айтулы жыр жүйірігінің мысал өлеңіне өзек болған тәмсілдің қандай аңыздар мен хикаяларда көрініс тапқанына тоқталайық. Сонымен, бұл сюжеттің түп-төркіні қайда жатыр? Бірден басын ашып алайық, аталған хикаяның үзігі әлемге әйгілі «Тотынамадан» алынғаны дау тудырмайды. Талай елге тараған «Тотынаманың» отыз жетінші түнінде тотықұс алыс сапарға кеткен Маймұнның жас келіншегі Хұжастеге «Завул шаһзадасы, көпестің қызы, шаһар билеушісі және сол қызға патша мен уәзірдің ғашық болғаны туралы әңгіме» айтады. Осындағы төрт уәзірдің уәжі, соның ішінде йогтың басынан өткен оқиға туралы тәмсіл назар аудартпай қоймайды.

Қысқасы, бұл – «Тотынаманың» отыз жетінші түніндегі негізі хикаяның құрамдас бөлігі ретінде қолданылған, тиектелген (құрақталған) формадағы мысалдың бірі ғана. Ал негізгі хикаяда баяндалатын Завул (*Забул, Зәбіл – Ауғанстан еліндегі аймақ. Б.О.*) өңіріндегі бір көпестің Махрусеге деген аса ажарлы қызын сол елдің патшасына бермек боп сәлем жолдауы, хатты алған патшаның төрт уәзірін қызды көріп келуге жұмсауы – аса таңсық сюжет емес.

Әрі қарай сюжеттің қалай өрістейтініне келсек, уәзірлер «патша мұндай мінсіз перизатты көрсе, ақыл-естен айырылып, өзінің еркін билей алмайды, мемлекеттің бар шаруасы жайына қалады» деп қауіптеніп, қызды ел басшысына көрсетпеуге бел байлайды. Солардың айтуымен «қатардағы көп қалыңдықтың бірін» сарайына жолатқысы келмеген патшаның кейін қала билеушісіне күйеуге шыққан Махрусені көруі, алданғанына көзі жетіп, құсадан өлуі, оның соңынан келіншектің те жарық дүниемен қоштасуы, ақыры қала басшысының да Махрусеге секілді өзін-өзі өлімге қиюы оқиғаны әбден шириқтыра түседі.

Шығыс аңыздарындағы кез келген мысал бостан-босқа алынбайды, белгілі бір мақсатқа қызмет етеді. Бұл мысал да бекерден-бекер қолданылмаған. Нақтылай түссек, бір емес үш адамның өліміне себеп болған ару қыздың хикаясы күйеуі сапарлап кеткен Хұжастені көңілдесіне жібермеу үшін әңгіме тиегін ағытқан тотықұстың ауызынан айтылған. Ал біздің тілімізге тиек болып отырған тәмсіл – төрт уәзірдің сұлу қызды патшадан аулақтату үшін айтқан әңгімелерінің бір үзігі.

Сюжетте баяндалғандай, патшаға бір йог (*қазақша аудармада яһуди деп алынған. Б.О.*) келіп, темір асатаяқ пен ағаш тостаған сатыпты. Сол күні патшаның түсіне бір әйел кіріп, «мен сенің тағдырыңмын, өзіңмен қоштасуға келдім, сен мына заттарды сатып алған соң қасыңда бола алмаймын, айбын мен ұлылықты қадірлейтін елге кетем» дейді. «Кетсең кете бер» депті патша. Келесі күні ер адам түсіне еніп, «мен сенің күшің боламын, енді мына заттар тұрғанда бұл жерде қала алмаймын» дейді. Патша оған да «кете бер» дейді. Үшінші күні түсінде бір қарт кісіні көреді. Патша одан кім екенін сұраса, «сенің ақылың боламын, мен де қоштасуға келдім» дейді. Қартқа да «кетсең кете ғой» депті билеуші. Төртінші түні түске енген періште: «Мен сенің ұлылығың, айбының (величие) едім, енді кетейін» деп рұқсат сұрапты. Патша ұлы айбынының (*еркін аударылған қазақша «Тотынамада» – ұлы бақ. Б.О.*) алдына бас ұрып, «сенің арқаңда талай жауымды жеңіп едім, өзіңнен айырылсам, өлем» деп етегіне жармасады (Нахшаби, 1979: 241-242). Айбынды ұлы рухы иесін тастамай, қасында қалған соң бар құндылықтары мен байлығы қайтып оралады. Бұл тәмсіл Зияаддин Нахшаби «Тотынамасының» қазақша аудармасында ертеңгі күні таң жарқырап атқан

кезде патша орнынан тұрып қарағанда, байлығының аман екенін көргенімен, сөйтіп бақ өзінде қалғаннан кейін, тағдыр мен ақылдың да кете алмағандығымен түйінделеді (Нахшаби, 1991: 218).

Осы сюжет Қытайда басылған және сол елдің қазақтары арасында кең тараған «Тотынаманың» елу жетінші тарауында көрініс тапқан. Хұжастенің есімі Машекер, Маймұнның есімі Сәйід боп ауысқан осы нұсқада Завул шаһарындағы (бұл басылымда – *Зәбіл шаһары. Б.О.*) саудагердің бойжеткен қызының Махруса (Махрус) деген аты өзгеріссіз алынған. Тек мұнда Нахшаби «Тотынамасында» баяндалғандай, көпес патшаға «қызымды ал» деп өзі хат жазбайды. Сарайға келіп-кетіп жүрген Махрусаны көрген бір кемпір патшаға хабарлайды. Ал осы елу алтыншы және елу жетінші тарауларды қамтитын хикаяға енген, кейін Кенен Әзірбаевтың мысал өлеңіне арқау болған сюжет «Чын патшасының әңгімесі» түрінде баяндалады. Көркемдігі жағынан бірқатар нұсқалардан асып түсетін осы басылымдағы тәмсілдің мазмұны мынадай. Бір күні патшаға әлдекім сәлемдеме жіберіпті. Патша ол сый-құрметтің құнынан мың есе артық мал-мүлік қайтарады. Содан соң келесі түнде патша түс көреді. Түсінде оған бір сұлу әйел келіп арызданады. «Әй, патша, мен сенің мал-мүлкіңнің кейпіндегі жанмын. Енді өзіңмен ат құйрығын үзісейін деп келдім. Қадірімді білмей, мені бекерге ысырап еттің. Бұдан былайғы жерде сенімен жарасым таба алмаймын. Басқа біреуге барып қонамын», – дейді. Атақ-абыройына дандайсыған патша оның сөздерін бұйым көрмей: «Кетем десең, жолың әне!» – деп дүңк етіпті. Сол кезден патшаның қазынасы ортая бастайды. Күндердің күнінде патша тағы да түс көреді. Түсінде бір бейтаныс адам келіп сәлем береді. «Уа, тақсыр, – дейді ол, – мен сенің бойыңдағы қуатыңмын. Қадіріме жетпей қойдың. Енді сенен аулақтаймын. Қоштасуға кеп тұрмын». «Кетемін десең, жолың әне!» – дейді патша оған да, зілдене қарап. Содан кейін-ақ патшаның әл-дәрмені біртіндеп сарқыла береді. Тағы көрген кезекті түсінде бір жігіт жүгінеді алдына келіп. «Уа, әміршім, – дейді әлгі жігіт, – мен сіздің атақ-абыройыңызбын. Қалаған жаққа кете беруіме рұқсат етіңіз». Патша жігіттің аяғына жығылып, етегіне жармасып: «Мені тастап кете көрме!» – деп өлердегі сөзін айтыпты. «Уа, патшам, сіз мені шынымен қимай тұрсаңыз, кетпей-ақ қояйын. Мен барда еш қайғырып, уайым шекпеңіз. Мал-мүкәммалыңыз, қайрат-қуатыңыз қайтып оралады», – депті сонда жігіт. Патша ұйқысынан оянып кетеді. Сол күннен былай қарай әл-дәрмені күн сайын артып, дәулеті қайта шалқыған көрінеді (Тотынама, 1987: 280).

Бұл «Тотынама» мен Нахшаби «Тотынамасының» басқа да өзіндік айырмашылықтары бар. Біріншіден, патшаның бойындағы қасиеттер мал (дәулет), қуат, атақ-абырой түрінде кейіптеледі. Яғни, өзге нұсқадағыдай төртеу емес, үш құндылық адам бейнесінде (әйел, егде кісі, жас жігіт) түсіне еніп, алдына келеді. Екіншіден, патша қызынан бас тартқан соң Махрусаның әкесі оны шаһардың басшысына емес, елдің басқа бір атақты адамына қосады. Үшіншіден, құса боп дүние салған патшаның соңынан өзін-өзі құрбан еткен Махрусадан кейін күйеуінің де ажал құшқаны айтылмайды.

Нияз Тобыш ескі қолжазбадан аударған «Тотынаманың» қытай қазақтары арасында тараған нұсқадан алабөтен айырмасы жоқ. Екеуі де бір тектес шығармадан алынғандықтан, сюжет желісінде айтарлықтай өзгеріс байқалмайды. Тек патшаның қасиеттері мен құндылықтары бақ-дәулет, әл-қуат, қайрат-жігер деп көрсетіледі (Тотынама, 2005: 154).

Бұл – патша сұлу қызды қолына қондырған соң ел билеуді қояды деп топшылаған төрт уәзірдің өзара келісімі бойынша, оны жирендіру үшін айтылған әңгіме. Қайдағы бір қызға бола бастағы бақтан, бойдағы қайраттан, қолдағы дәулеттен айырылмау керек деген түйін-тұжырым жасалады. Бір назар аударлық жәйт, барлық нұсқада да патшаға қызды көрсетпей, көпе-көрнеу алдаған, ақыры ажалына себеп болған уәзірлер жазаға тартылмайды. Патша оларды кешіреді, не түсіністікпен қарайды. Демек, билеушіні амалсыздан алдауға мәжбүр болған уәзірлердің ұйғарымы – тәуір ниеттен туған әрекет. Оқиғаның драмалық сипатына сәйкес, кінәліні іздеуден гөрі патшаның махаббат машақатына, жеке басының трагедиялық ахуалына көбірек көңіл бөлінеді.

«Тотынаманың» бірқатар басылымдарын салыстыра қараған кезде, патшаның осы қасіретті хикаясы айна-қатесіз бейнеленетін, бірақ әңгімемізге өзек болып отырған асыл құндылықтар туралы сюжет қамтылмайтын нұсқалар да бар екенін байқаймыз. Мысалы, Сайид Хайдар Бахш Хайдаридің «Тотының әңгімелері» хикаясында ай десе аузы, күн десе көзі бар аруды көріп келген төрт уәзір патшаны айныту үшін әдеттегідей әлдебір елдің әйгілі билеушісінің түсіне кірген адам қасиеттері туралы тәмсілді айтып әуре болмайды. Олар «бұл қыз сарайға лайық болатындай аса көрікті емес» деп мәлімдеп, патшаның бетін бірден қайтарады. Осы нұсқада көпес өзінің қызын сол қаланың басшысына емес, шаһардың бас тәртіп сақшысына береді (Хайдари, 93: 151). Патшаның бойжеткенді көрген соң уәзірлерінен не үшін алдағанын сұрауы, олардың «сіз ғашықтық дертіне шалдығып, бар жұмысты қойып, мемлекет ісін жайына қалдырма деп қауіптендік» деп шындықты айтуы, билеушінің өз уәзірлерін бірден кешіруі – басқа басылымдарда жоқ элементтер. Ал бір тектес шығармадан түзілген, Қытайда басылған «Тотынама» мен Н. Тобыш аударған «Тотынамада» уәзірлер «Махруса бізге соншалықты сұлу көрінбеп еді, сіз ғашық болған соң ажарланып кеткен шығар» деп ақталып, келіншекті күйеуінен ажыратып, патшаға зорлап алып бермекке әрекет қылады. Бұл көрініс Хайдари «Тотынамасында» да бар, тек аталған хикая патшаның махаббат дертіне шыдамай, өмірден өтуімен аяқталады. Ал Махрусаның құрбан болуы, одан кейін күйеуінің өзіне қол салуы сияқты элементтер бұл нұсқаға енгізілмеген.

Зияаддин Нахшаби «Тотынамасына» негіз болған Имад ибн Мұхаммед ән-Нааридің «Түнгі жауһарлар» (Джавахир ал-асмар) атты шығармасында бұл хикая отыз бесінші түннің оқиғасын өрнектейді. Қашғар қаласын мекен еткен көпес өзінің көрікті қызы Аждаб-нушді бермек болып, бүкіл ой-ниетін қағазға түсіріп, шахтың алдына келеді. Оқиғаның одан әрі өрістеуінде алабөтен өзгешелік жоқ. Тек соңында құсадан өлген шахтан кейін Аждаб-нуш, одан соң келіншектің күйеуі – тәртіп сақшыларының бастығы өзіне-өзі қол салып, үшеуі бір молада жерленеді (ан-Наари, 1985: 284).

Жалпы бұл хикаяның төркіні тым әріде жатыр деп ойлаймыз. Себебі аталған аңыз біздің дәуірімізге дейінгі эпсаналардан бастап, талай ғасырдың ежелгі құндылықтарының басын біріктірген үндінің әйгілі әдеби ескерткіші – «Веталаның жиырма бес әңгімесінде» көрініс тапқан. Осы хикаяның он төртінші әңгімесінде Канакапура қаласының тұрғыны Ратнадатта деген көпес сол елдің патшасы Яшодханаға арнайы жолығып, оған қызы Унмадиниді бергісі келетінін мәлімдейді. Бұл сюжетте қызды көріп келуге барған брахман «Тотынамадағы» басқа нұсқалардағы төрт уәзірдің рөлін атқарып, оны патшаға жолатпаудың қамын жасайды. Сондықтан Ратнадатта қызын әскери қолбасшы

Ранатхавалаға беруді ұйғарады. Кейін қызды көрген патшаның қайғы басып, қамығуы, брахманың айтқан сөзіне сенгеніне өкінуі жағынан кең тараған сюжет желісінен көп айырмасы жоқ. Тек мұнда қолбасшы Ранатхавала брахманмен сөйлескеннен кейін, әйелін патшаға тарту еткісі келеді. Бұл хикая да үшеуінің өмірді тәрк етуімен аяқталып, «Яшодхана, Ранадхавала және Унмадинидің қайсысы қайырымдырақ?» – деген Веталаның дәстүрлі сұрағы қойылады (Двадцать пять рассказов Веталы, 1958: 90).

Сайид Хайдар Бахш Хайдаридің «Тотының әңгімелерінде», Имад ибн Мұхаммед ән-Нааридің «Түнгі жауһарларында» және «Веталаның жиырма бес әңгімесінде» Кенен Әзірбаев шығармасына өзек болған сюжеттің өзі емес, оған негіз қалайтын кіріспе бөлігі ғана қамтылған. Соңғы сюжет құрақ-хикаят түріндегі көлемді шығармаға кейінірек жамалып-жасқалғанға ұқсайды. Әсіресе, бастапқыда Зияаддин Нахшаби «Тотынамасында» көрініс тапқан бұл сюжеттің үнді тәмсілінен гөрі парсы әңгімесі болу мүмкіндігі басымдау. Үндінің ежелгі әдеби ескерткіштерінің бірқатарын салыстыра қарағанымызда, бұған ұқсас хикаяның үзін кездестіре қоймадық.

«Тотынаманың» құрақ-хикаяттарын құрайтын көптеген аңыз-әңгімелер мен эпсана-тәмсілдердің әрқайсысы түрлі жолмен келіп, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларына арқау болғаны баршаға мәлім. Шығыс әдебиетінде кең таралған бір сюжеттің негізінде бірнеше туындының жазылу мысалдары да баршылық. Біздің пайымдауымызша, халық ақыны жадында сақталған тәмсілді жырлаған немесе белгілі бір өлеңді қайта жаңғыртқан болуы мүмкін. Қалай болғанда да, Кенен ақын сюжеттің кейінгі бөлігіне ғана ден қойып, арнайы шығармаға айналдыруды мақсат тұтқан секілді.

Баллада стиліндегі мысал өлеңнің кульминациялық тұсында, яғни, шарықтау шегінде шаңырақтың құты қашып, берекесі кете бастағаны бейнеленеді. Бұл тұрғыда бүкіл қоғамдағы құбылысты бай мен кедейдің қайшылықты қарым-қатынасы арқылы салыстыруға бейім тұратын кеңестік дәуірде туған шығармалардың ықпалы сезілмей қалмайды:

*Үлкен келін өкпелеп атасына,
Қарамады ақылы мен батасына.
Ортаншы келіні де қоса кетті,
Тығып-ап екі қолын қалтасына.*

*Бұл үлкен келіндері бай қыздары,
Кедейге жастарынан бар ызғары.
Көре алмай кіші келін кедей қызын,
Күнде ұрыс берекесін тайғызғаны (Әзірбаев, 2008: 170).*

Әдебиеттанушы ғалымдар М. Жолдасбеков пен Н. Төреқұлов Қабан, Сүйінбай, Шөже, Майкөт, Бақтыбай, Құлмамбет, Жамбыл, Сарбас, Қуандық, Кебекбай, Ноғайбай, Бөлтірік сияқты айтулы ақындар мен елді аузына қаратқан шешендердің жолын жалғастырған өнер тарланы деп бағалаған (Жолдасбеков, Төреқұлов, 1992: 204). Кенен Әзірбаев аталған сюжеттің негізгі түйінін ғана қалдырып, ұлттың салт-санасын дәріптейтін жаңа туындыны жырлап шыққан. Мұның өзі авторлық ауызша поэзияның нәр алатын

бір қазыналы қоры тереңнен тамыр тартатын шығыс аңыздары екенін дәлелдей түседі. Тек Кенен бүкіл адамзат баласының табиғатына тән ортақ құндылықты қазақ топырағына ыңғайлады. Баршаға белгілі тәмсілдің бір үзін халқымызға тән қара шаңырақ философиясын танытатын көркем шығармаға айналдырды. Сол шаңыраққа ие болатын кіші ұл отбасының ахуалы («Кіші келін олармен ұрыспайды, Қонақ келсе, сыр беріп тырыспайды»), өз алдына бөлек шыққан үлкен ұлдардың жай-күйі («Енші алып екі келін бөлек кетті, Отасып ата-анамен шығыспайды»), үй-ішінің бақ-берекесі («Ағайын, ата-анаға бірдей жағып, Кіші келін жүрген жақ күліп қалды») қадамы құтты болған кіші келіннің мінез-құлқы арқылы сипатталады.

Кененнің ауызша жырлаған осы шығармасын шығыс психологиясына табан тірейтін қазақ этнографиясының көрнекі құралы ретінде қарастыруға болады. Мысалдың түйіні де береке-бірліктің қадір-қасиетін бағалай білу керек дегенге саяды: «Бақ, қыдыр сол кеткеннен алты ай өтті, Бір күні азып-тозып кіріп кепті: «Ынтымақ, бірліктерің құтты болсын, Кетпейміз, біздің мекен осы үй депті» (Әзірбаев, 1984: 218). Кіші ұл мен кіші келінге аманатталатын қара шаңырақтың мән-маңызы ежелгі дәуір құндылықтарының тарихымен тамырлас екені анық. Өйткені, «қара шаңырақ кенже ұлға мұрагерлікке қалдырылып, оған кенже ұл иелік етуі сонау сақ, үйсін, ғұндар заманынан бастау алып, әлі күнге дейін сақталып келе жатыр» (Уәли, Нұрғожа, 2017: 592). Кенен нәзіралық үлгімен жырланған өзінің толғау-мысалында қашаннан қалыптасқан осы қағиданы нықтай түсті.

Қазақ әдебиетінің тарихын өзінің мазмұнды шығармаларымен байытып, соңына «он жеті дастан, жүз елудей ән, оннан астам айтыс, мыңға тарта өлең, халық қазынасын жинаған қолжазбаларды» (Жолдасбеков, Төрөқұлов, 1992: 230-231) мұраға қалдырған Кенен ақын ұлт руханиятындағы ерекше тұлғаның бірі болғаны баршаға мәлім. Оның мұрағат қорындағы құндылықтардың ішінде кейінгі шығармасына арқау болған аңыз әңгімелердің ауызша жырланған нұсқалары да, соған мәлімет ретінде пайдаланылған қарасөз түріндегі жазба нұсқалар да жеткілікті. Мәселен, Кенен Әзірбаевтың «Жалғыз қаз» деген дастанының оқиға желісі ақынның қазына қоржынындағы «Жалғыз қаз» деген қарасөзбен баяндалатын аңыз әңгімеден алынғаны дау тудырмайды. Былай қарасаңыз, екі нұсқаның оқиға желісінде алабөтен айырмашылық жоқ. Мұны жинаушының да, жырлаушының да бір ғана адам екендігімен түсіндіруге болар. Себебі, бір қолдан шыққан соң, сюжетті баяндау тәсілінде көп өзгеріс бола қоймасы белгілі. Алдымен «Жалғыз қаздың» қарасөз нұсқасына тоқталсақ, бұл аңыздың ежелгі құндылықтардың бәріне өзек болған ескі дәуірдің жәдігерлігі екенін аңғарамыз.

Аңыз желісіне сәйкес, бір қаздың басқа құстарға қосылмай, хан сарайының үстінде ұшып жүруі, ханның: «Бұл қаздың не деп жүргенін табыңдар» деп, серіктеріне қырық күн мұрсат беруі, таба алмағандарды дарға асатынын айтуы, қиналған уәзірлердің ханның жалғыз қызына келіп жүгінуі қазақ ертегілерін молынан жайлаған баршаға белгілі ескі сюжетті еске түсіреді. Сюжеттің тағылымдық түйініне, өзіндік философиясына жетелейтін жол – хан қызының уәзірлерді аяп: «Мен айтты демендер, жалғыз қаз: «Жақсы еркекті жаман қылатын да әйел, жаман еркекті жақсы қылатын да әйел», - деп жүр», – деп ой тастауы. Дәлірек айтқанда, қаздың да, әкесінің де құпиясын ашуы. Қаһарлы ханның қаталдығына қарамастан, туған қызының мұндай қадамға баруы

әкесінің талай жылғы серіктерін ажалдан құтқарып қалу ниетінен деп түсіну керек. Бірақ қанша құпияланғанына қарамастан, әккі хан уәзірлер жиылып алдына келгенде, бұл жауаптың басқа емес, өз қызының аузынан айтылғанын біліп қояды. Ол қызына қатты ренжіп, талай жылдан бері мес болып домаланып қалған бір кемтар жігітті нұсқап: «Мынау – адамның жаманы, сен осыны жақсы қылып ал», – деп қоя береді.

Бұдан соң қыздың күйеуін ұзақ уақыт шөппен емдеп, бар науқасынан құлан-таза айықтырып, қатарға қосуы арқылы ежелгі аңыз сюжеті ширыға түседі (Әзірбаев, 2008: 156). Дегенмен, бұл әлі байырғы құндылықтардың көпшілігінде кездесетін көне сюжеттің кульминациясы емес. Оқиға әрі қарай тағы да қыз әкесінің оғаш әрекеттеріне байланысты өрбиді. Ел билеушісі: «Мен пері қызына ғашық болдым, ол дарбазама кептер боп қонады, жақындасам, ұшып кетеді. Кім де кім оны маған ұстап берсе, қасымнан орын сайлаймын, қазынамның билігін берем», – деп жар салыпты. Қыздың ақылымен күйеу жігіт жақсы ат жаратып, перінің қызын қолға түсіріп, әйелдікке алады. Ең ақырында олардың шаңырағына қонаққа келген хан мән-жайға қанығып, қызының уәдесін орындағанына әбден көз жеткізеді.

Кенен Әзірбаев өзі жинап, ұзақ жыл сақтаған «Жалғыз қаз» аңызын дәл осындай атаумен ауызша жырланған көркем шығармаға айналдырды. Жаңа нұсқадан алдымен кейіпкерлердің аттары өзгертілгенін аңғарамыз. Мәселен, аңыздың қарасөз нұсқасында сюжет оқиғасы Данышпан мен Арыстан арасында өрбісе, Кененнің «Жалғыз қаз» дастанының оқиғасы Қарақат пен Тұрсын төңірегінде дамиды. Екі нұсқада да қырық уәзір әуре-сарсаңға түседі, бірақ аңызда жалғыз қаздың сырын ашуға қырық күн мерзім берілсе, дастанда мән-жайды бар-жоғы сегіз-ақ күнде айқындау міндеттеледі. Аңыздағы Данышпан қолға түскен пері қызын күйеуіне қосса, дастандағы Тұрсын әйелі Қарақаттың айтуымен қазды ұстап алған соң бірден хан сарайына әкеп тапсырады. Аңызда «Хан үйіне барып, ұяттан у ішіп өледі. Данышпан анасын қолына алып, өзі бағады» (Әзірбаев, 2008: 158), – делінеді. Ал дастанда ханның өлгені айтылмайды. Аңыз кейіпкерлері ел билеуден бас тартса, дастан соңында Қарақат пен Тұрсын хандықты қолдарына алады. Ең соңында әкесі қызының шаңырағына қонаққа барғанда, мәселенің айқындалуы – екі нұсқаға да бірдей шешім.

Бұл шығарманың идеясы – көнеден келе жатқан шығыс даналығын дәріптеу, қастерлі құндылықтардың өзегіндегі халықтық тұжырымдардың ақиқаттығына, ешқашан қиыс кетпейтініне көз жеткізу және илану. Кенен ақын аңызда көрсетілмеген мерзімдерді «хан сегіз күнге мұрсат берді» немесе «жігіт жеті жыл мес боп жатты» деп нақтылағанымен, негізгі ойға, ақырғы түйінге, келелі қорытындыға барынша басымдық берген. Аңыздың өзегіндегі «Жақсы әйел жаман еркекті жақсы қылар» ұстанымы «Жалғыз қаз» дастанында көркем оймен айшықталып, адами асыл қасиет тұрғысынан әдіптелді:

*Сонда қыз айнасына қарап алтын,
Жалт етіп, айна көзі жүзі жарқын.
«Жасығы жақсы еркекті жаман қылар,
Жаманды жақсы қылар жақсы қатын».
Қаз сөзі осылай деп ханға айтыңдар,
Жандарың қалар қырық азаматым (Әзірбаев, 1984: 292).*

Сөз зергері Кенен түпнұсқадан көп ауытқымай отырып-ақ, қара сөзбен баяндалған «Жалғыз қаздың» оқиғасын ауызша төгілген көркем дүние етіп қайта толғайды. Кененнің кемеліне келген шақта туған жаңа дастанда кейіпкерлердің іс-қимылы, мінез-құлқы, ой-танымы, өнеге-өрісі жан-жақты жаңаша шешім арқылы көрініс тапты. «Жалғыз қаздың» өн бойына қиял-ғажайып ертегілердің элементтері араласып кеткеніне қарамастан, қырық уәзірдің ел билеушіні алдауы («Таңертең уәзірлер ханға келді, Қаз тілі осы екен деп жауап берді»), жаннан қорқып, амал табуға ұмтылуы («Зар жылап уәзірлер айтып жағдай, Ойладық жеті күн-түн тыным алмай»), сауалдың жауабын өзіміз таптық деп сендіруге тырысуы («Хан тақсыр, бүгін ғана тауып ек деп, Шулап тұр қырқы бірдей жаны қалмай»), ел басшысының мән-жайды біліп қоюы («Босатып уәзірлерді, тара, – деді, Мойныма асылмасын дара, – деді»), қызына кектеніп, өш алмақ болуы («Болысып дұшпаныма ақыл айтып, Бұл қыздың қорлығына қара, – деді»), тағы басқа кейіпкерлердің түрлі әрекеттері барынша шынайылықпен бейнеленген. Яғни, бұл шығарманы басталуы, дамуы, шарықтау шегі, аяқталуы бар толыққанды дүние ретінде бағалауға болады.

Суырыпсалма ақынның «Жалғыз қазы» аңыздар желісі негізінде кейінірек жырланған дүние екенін ақын шығармашылығын зерттеушілердің мына мәліметі растай түседі: «Бұл хикаяны Кенен әуелі проза түрінде балаларға ертегі етіп айтып жүрген. 1960 жылы дастан етіп жырлаған. Ертегі нұсқасын осы түсініктеме авторы жазып алып, 1967 жылғы жинағына қосқан» (Төреқұлов, 1984: 349).

Кененнің «Жалғыз қаз» дастанының сюжеттік желісі «Хан қызы» (Хан қызы, 2011: 236-242) және «Әуеде қаз қаңқ етті» (Әуеде қаз қаңқ етті, 2011: 346-349) деген ертегілермен тәркіндес. Сонымен қатар, «Жаман адамды...» (Жаман адамды..., 2011: 108-117) деген ертегінің оқиғасы да мың құбылып, түрлі өзгеріске түскеніне, мүлде басқаша баяндалғанына қарамастан, көшпелі сюжеттердің бір арнада тоғысатынын аңғару қиын емес. Бірақ Кенен ақынның айтуында соның бәрі қайта өңделіп, көркемдік кестесі жаңаша түзіліп, өзгеше кейіпке енгізілгені айқын байқалады.

Ақын бұл туындының желісіне оқиғаның алғы шарттарын айғақтайтын немесе алдағы ахуалдан хабар беретін көркемдік элементтерді қосады. Мәселен, ол местей боп домаланып, хан қызының жетегінде кеткен күйеу жігіт Тұрсынның жай адам емес екеніне сендіреді. Жастай шетінеп кеткен он баладан соң туған перзенттің қазақы жолмен Тұрсын атануы, оның жеті жыл бойы мес боп жатып қалуы, сегіз күннен соң ем қонып, ыңыранып тілге келуі, хан сауалына уәзірлердің жауап табуына сегіз күн уақыт берілуі – аңыз боп тараған сюжеттің ақынның ой танымы арқылы қорытылып, көркемдік шешімге ие болғанының көрінісі.

Тағы бір назар аударарлық дүние – Кенен жинаған әдеби жәдігерліктердің арасындағы «Үш кедей» деген мысал-ертегі. Бұл ертегінің ақын жырлаған «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» атты мысал-толғаумен тәркіндес екені айдан анық. Бақ пен қыдыр кейпіндегі қарт ағайынды үш ұлға жолығып, тілектерін тыңдап, қораларын малға толтырады. Кейін арада көп жыл өткенде олардың үйіне құдайы қонақ боп келіп, сынап көреді. Екі үлкен ағасы қонаққа есік ашпай, кіші ұл ғана әйелі екеуі құшақ жая қарсы алып, ерекше құрмет көрсетіп, батасын алады (Әзірбаев, 2008: 159). Мұнда да қазақ ұғымындағы қара шаңыраққа ие боп қалатын кіші перзент мәртебесі, отбасы философиясы дәріптеледі.

Сондықтан Кененнің «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» атты шығармасына тек үнді топырағында дүниеге келген сюжет қана емес, халықтың танымындағы осындай аңыздар да түрткі болды деп ойлаймыз.

Кенен Әзірбаевтың ел аузынан жинаған құндылықтарының ішінде қара сөзбен айтылатын «Қаба сақалды хан» деген аңыз ерекше назар аудартады. Аңыздың басты кейіпкері – сақалы өсіп кеткен хан ерігіп отырып, қаба сақалды жігіттердің біразын жинап, әңгімелерін тыңдайды. Бір күні оның алдына үш жігіт келіпті. Олар әкесінің мұраға қалдырған қазынасын ұрлатып алып, бір-бірінен көріп, дауласып, ақыры ханға жүгінуді ұйғарған беті екен. Дәл осы жерден «Тотынаманың» он бірінші түнінде баяндалатын сюжет басталып кетеді. Бұл сюжет жалғыз «Тотынамада» ғана емес, тіпті одан ілгеріректегі «Веталаның жиырма бес әңгімесінің» («Веталапаншавимшати») Р. Шор және И.Серебряков нұсқаларында, Мұхаммед ән-Нааридің «Түнгі жауһарлар» («Жавахир ал-асмар») хикаясында көрініс тапқан. Сондай-ақ «Тотынаманың» қытай қазақтарына және татар жұртына кеңінен тараған нұсқаларда түрліше өзгеріске енген. Ең бастысы, бұл сюжет қазақ әдебиетінің шоқтығы биік өкілдерінің шығармаларына, атап айтқанда, Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы (Сейфуллин, 2013) мен Бекет Өтетілеуовтің «Данышпан қазы» дастанына (Өтетілеуов, 1961) арқау болды. Сюжеттің кебір нұсқалары қазақ ертегілерінде де кездеседі.

Аталған сюжет негізінен екі бөліктен тұрады. Біріншісі – қазынаның ұрлануы, сол ұрының табылмауы, дауласушылардың ханға келіп жүгінуі. Екіншісі – ұрыны табу мақсатымен «алғашқы түнімді сүйген жігітіме қиямын» деп уәде берген қыз туралы әңгіменің айтылуы және әңгіме соңында айтушының тыңдаушыларға сұрақ қоюы. Бұрынғы үлгілерді салыстыра келе, Кененнің қолына түскен аңыздың бірқатар өзгешеліктері бар екенін айтуға тиіспіз. Біріншіден, көптеген нұсқаларда осы әңгімені патшаның қызы айтып, ұрыны тауып, дауды шешетін болса, Кенен жинаған аңызда тәмсілді ханның өзі бастап, ұрлықтың мән-жайын анықтаумен өзі айналысады. Екіншіден, бір айырмашылық, барлық нұсқаларда қалыңдық алдымен күйеуінен рұқсат сұрап алып, жолға шықса, бұл аңызда әуелі үш қарақшыға ұсталып, аман құтылған соң ғана күйеуіне келіп, тілегін айтады (Әзірбаев, 2008: 162). Үшіншіден, Кененнің ауызша айтылатын қарасөз нұсқасы дәстүрлі сюжетке қарағанда әлдеқайда көркемделіп кеткен. Күйеудің: «Ар-ұяттан безгендерден құтылғаныңа қайран қалып отырмын, бұл бір тарихта жоқ іс болды», – деп әзіл тастауы, қалыңдықтың: «Бүгінгі күн түлкідей жортар күнім екен, ешкімге шалдырмай сізден де сау құтылып, тағы да жортайын деп тұрмын», – деп ниетін аңғартуы, күйеудің: «Көп жортқан қасқыр қақпанға түседі деген тағы бар, байқа», – деп, көзінің астымен қарап қойып жымыш, сақтандыруы, бойжеткеннің: «Туғалы түнде далаға шыққаным осы еді, құдай сақтасын, Алтайы түлкі ақ иықтан басқаға алдырмайды», – деп наздануы ақынның байырғы сюжетке өз жанынан қосқан элементтердің жеткілікті екенін дәлелдейді. Тіпті қыз бен күйеудің арасында «Махаббат деген не?», «Махаббат – деген сіз бен біз, адал жар» деген секілді диалог өрбиді. Бұл диалог ол қыздың сүйгеніне бару үшін күйеуінен рұқсат сұрауының алғы шарты ретінде қолданылған.

Осының бәрінен Кенен Әзірбаевтың ауызша әңгімелерді жинау, сұрыптау, өңдеу барысында едәуір өзгеріске ұшыратқанын, сюжетті дамытып, мәтінді әрлеп-әсемдегенін

аңғаруға болады. Әрине, Кененнің бұл аңызды жаңа толғауға айналдырғаны жөнінде мәлімет жоқ. Бірақ оның аңыз кейіпкерлерін даралап, өзгеше мінез дарытып, оқиғаны түрлендіре түсуіне орай жаңаша жырлауға әзірленген деп топшылауға болады. Себебі, ақынның «Бақ, қыдыр мен ынтымақ» атты қарасөз нұсқасы да осындай үдерістерден өткен, содан кейін ғана мысал-толғау ретінде жырланған.

Кененнің көне сюжеттерді арқау еткен «Бұрынғы өткен батырлар» деген ұзақ дастаны – ауыз әдебиеті құндылықтарынан, ескі жәдігерліктерден құралған әдеби синтез түріндегі жаңа туынды. Бұл шығарма автордың аса білімді, оқыған-тоқығаны көп, дін ілімінен мол хабардар, шежіреге жетік, тарихты терең білетін адам екеніне көз жеткізеді. Соншама мәліметті игеріп, рет-ретімен пайдаланып, эпостық үлгімен оқиғасы тұтас толғау жырлап шыққан жыршының еңбегін қазақ руханиятындағы ерекше құбылыс деп бағалаған жөн.

Ақынның өмірі мен шығармашылығын зерттеушілердің пікіріне ден қойсақ, «Бұрынғы өткен батырлар» – Кенен Әзірбаевтың көлемі жағынан ең үлкен дастаны. Оқиға желісі қырғыздың «Манас» жырынан және қазақтың «Ер Төстік» ертегісінен алынып, қайта жырланған. Шоқан Уәлиханов жазып алған бөлігіне де жанасатын жерлері бар. Ақын 1940-45 жылдар арасында оларды бөлек-бөлек жырлап жүріп, 1947 жылы бір арнаға тоғыстырып, ұзақ дастан бітіміне түсірген. Оған «Көкетайдың асы» деп ат қойған. Кененнің 1967 және 1974 жылдары жарық көрген жинақтарына «Төкетай мен Мәнікер», «Ер Төстік» атты тараулары енгізілген (Төреқұлов, 1984: 349).

Бұл дастандағы ескіден келе жатқан танымал екі эпизод көңіл аудартады. Оның біріншісі – дәу құс Алыпқара шалғайға сапар шегіп кеткенде ұясында қалған балапандарын өлтірмек болған айдаһарды Ер Төстіктің мерт қылуы. Осы эпизод әрі қарай дәстүрлі арнада дамып, жалғасын табады. Балапандар Ер Төстікті қанаттарының астына қаусырып жасырады, кері оралған Алыпқара оны бір қылғытып, қайта құсып тастайды, ал балапандары оның өздерін құтқарғанын айтып бәйек болады. Екінші эпизодта Алыпқара Ер Төстікті жердің үстіне шығару үшін арқасына мінгізіп, биікке алып ұшады, содан соң батыр жолшыбай алып құсты үш мес етпен қоректендіріп, төрт мес сумен шөлін қандырып отырады. Ет таусылып қалған кезде Ер Төстік өзінің қоң етін Алыпқараға кесіп береді (Әзірбаев, 1984: 212-213).

Бұл сюжет бірқатар түркі халықтарының әдеби-фольклорлық шығармаларына және қазақ ертегілерінің әр алуан нұсқаларына кіріккен. Мысалы, қазақтың «Күлсе, аузынан» (Күлсе, аузынан, 2011: 80-87), «Аю дәу» (Аю дәу, 2011: 123-137), «Гүл мен самұрық» (Гүл мен самұрық, 2011: 342-346), «Делдаш батыр» (Делдаш батыр, 2011: 163-178), «Жарты Төстік» (Жарты Төстік, 2011: 149-155), «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталтаң» (Аюалпаң, 2011: 155-163), «Ханшентей» (Ханшентей, 2011: 203-218), «Құйым батыр» (Құйым батыр, 2011: 232-252), «Бөген батыр» (Бөген батыр, 2011: 291-302) сияқты ертегілерінде аталған сюжеттің бірқатар элементтері кездеседі. Әрине, әрқайсысында әртүрлі ыңғайда көрініс табуы – заңды нәрсе. Бірінде сюжеттің кіріспе бөлігі пайдаланылса, екіншісінде соңғы бөлігі баян етіледі. Кейбірінде сюжет тұтас болғанымен, сәл-пәл өзгерістерге ұшыраған. Атап айтсақ, самұрық мінген батыр бір ертегіде сан етін, екінші ертегіде оған қоса бір көзін ойып береді. Сондай-ақ самұрық құстың өткелден ұшып өтуіне жететін азығы да әр нұсқада әртүрлі сипатталады. Дәлірек тоқталсақ, күлсе аузынан гүл төгілетін құс туралы ертегіде – жай ғана ауқат, «Гүл мен самұрықта» – орманның бүкіл аңы мен тұтас бір көлдің суы, «Аю дәу» мен «Жарты Төстікте» – қырық

мес ет, қырық мес су, «Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталтаңда» – қырық құлынның еті мен қырық бұзаудың месіне құйылған су, «Ханштейде» – құлан мен бұланның алпыс айғыры, «Құйым батырда» – екі айлық тағам және қырық мес су пайдаланылады.

Осы аталған нұсқалардың бәрінде де соншама азық жол үстінде таусылып қалып, батырдың денесінен алынған ет қана оларды ажалдан құтқарады. Тек екі ертегінің («Делдаш батыр» және «Бөген батыр») финалы ғана өзгешелеу көрініс тапқан, сюжеттің екінші эпизоды, яғни, ер жүрек жігітті алысқа алып ұшатын бөлігі айтылмайды. Оның есесіне алып құс Делдаш батырға жылқыларын қайтарып алуға көмектеседі, самұрық құс Бөген батырдың ұлы Тұйғынға арнайы сый-сияпат көрсетеді. Ал «Құйым батыр» ертегісінде бұл эпизод тіпті түрленіп түскен. Көл-көсір ет пен қырық мес суды өңгеріп, Құйымды жолға алып шыққан алып қарақұс бір ай бойы ұшып, барар жеріне жеткізеді. Бірақ бұл жерде батырдың санынан ет кесіп беретін тұсы мүлде баяндалмай, сюжет басқа арнаға ойысып кетеді.

Енді қазақтың «Ер Төстігі» мен қырғыздың «Манасынан» нәзираланғанымен, ежелгі жәдігерліктердің есепсіз сюжеттерінің басын құрап, бір туынды түзген Кененнің шығармашылық шеберлігін атап өткен жөн. Ақын көнеден келе жатқан сюжетті тың теңеумен, құнарлы тілмен әсерлі жеткізеді. Ертегінің баршаға белгілі дәстүрлі оқиғасын ауызша жырлаған кезде бұрыннан бар эпизодтар көркем кестеленіп, өзгеше өң-сипатқа ие болады.

Кенен Әзірбаевтың «Бұрынғы өткен батырлары» көлемді шығарма ғана емес, қайталанбас образдар жүйесін қалыптастырған тың туынды екендігімен де ерекшеленеді. Нақтылай түссек, бәйтеректің маңайын суреттеу («Түбінде ағып жатыр тоғыз қайнар, Гауһардай тұнықтығы жұлдыз жайнар»), балапанға ұмтылып, ажалын тапқан жыланды бейнелеу («Айдаһар маңдайынан қақ жарылып, Теректер жерге түсті аударылып»), құстың ағаш басындағы мекенін сипаттау («Қараса, ұя толған киік, марал, Ұяның үлкендігі бейне арал»), алып құстың қайтып келе жатқанын аңғарту («Жел қойып, жаңбыр жауып, күн шығыпты, Аспаннан шуылдаған үн шығыпты») жағынан ақын туындысының шоқтығы биік екен анық. Бұл – бірнеше шығарманы және бірнеше сюжетті синтездеп, кейіпкерлердің нақты есімдерін сақтай отырып, тұтас бір эпостық дүние тудырған үздік үлгінің бірі. Сондай-ақ «Манас» жырының желісі бойынша жырланған «Бұрынғы өткен батырлар» көршілес қырғыз елінің әдебиеті үшін де қастерлі құндылық саналуға тиіс.

Кенен ақынның бауырлас екі елдің мүддесіне сай келетін өзге де өлең-толғаулары жеткілікті.

Зерттеу нәтижелері

Орта ғасырларда әлемдік деңгейде танымал болған жазба әдеби ескерткіштердің танымал сюжеттерінің авторлық ауызша поэзияның тұлғалы өкілі саналатын Кенен Әзірбаев шығармашылығында қайта жаңғыруы және оның құны кемімей, мән-мағынасы бұзылмай жаңа туындыға айналуы – айрықша құбылыс. Осыған орай зерттеу нәтижелерін жинақтап, біршама ой қорытуға болады.

«Мың бір түннің» фольклорлық дәстүрдегі рөлі мен мән-маңызын зерттеуші С. Төлеубаева қазақтың халық ертегілерінде ежелгі ұлт қаһармандары мен тұлғалары да, сол тәрізді басқа жұрттардың әдебиеті мен фольклорынан енген нәрселер де

кездесетіне назар аударады (Тулеубаева, 2009: 142). Кенен шығармашылығындағы бұл үрдістің де негізсіз еместігін аңғарамыз. Бәрібір қарасөз түріндегі ертегі нұсқалары қайтадан ауызша жырланған көркем дүниеге айналғанда, ақынның таным-таразысынан өтіп, жаңа туынды түзіледі. Байырғы кейіпкерлер де, кірме образдар да төл әдебиетімізге сіңіп, ұлттық руханиятымыздың санатына қосылады.

Бұл тақырып әлі де жете зерттеуді қажет етеді. Осы мақалада аталған сюжеттердің бастау көзі қайдан шыққаны туралы мәселе бірқатар ғылыми түйткілдерді анықтап алуға түрткі болмақ. Сондықтан сюжеттердің поэтикалық трансформациясына жан-жақты баға беру үшін «Үнді мен парсыдан кірген деп айтылып, қиял-ғажайып ертегілер мен салт ертегілерде ұшырасып жүрген кейбір мотивтердің негізін ежелгі дәуірдегі ортақ мәдениеттен, ертеде өмір сүрген сақ, ғұн, арий тайпаларының наным-сенімдерінен, олардың тотемдік культтерінен бастау қажет. Солай зерделеген жағдайда ғана, бұл мотивтердің бертінгі феодалдық дәуірдегі пайда болған фольклорлық, прозалық жанрлардың сюжеттеріндегі даму ерекшеліктерін жан-жақты терең қарастыруға жол ашылады» (Әбжет, 2008: 29).

Зерттеу нәтижелерін шығыс сюжеттері сабақтастығының тереңдігі, оның қазақ топырағына бейімделіп, қайта жырлау үрдісінің дамығаны, авторлық ауызша поэзия өкілдері шығармашылығында поэтикалық трансформация ұғымының қалыптасқаны туралы тұжырымдардан көруге болады.

Қорытынды

Осы тақырыпты жан-жақты қарастырып, авторлық ауызша поэзияның өзіндік ерекшелігін бір әдеби тұлғаның мысалы арқылы салмақтап-саралау барысында бірқатар қорытындыға келдік.

Біріншіден, Кенен Әзірбаевтың шығыс сюжеттерін бүгінгі дәуірге жеткізіп, оны жырға қосқан суырыпсалма жыршы ғана емес, сол сюжеттер көрініс тапқан аңыз-әңгімелерді ерінбей-жалықпай жинаған және қадірін білген кәсіби мұратану мектебінің өкілі екені айдан анық.

Екіншіден, оның білім-білігі жеткілікті, таным-түсінігі жоғары, көзі қарақты, даланың ауызша тарихнамасына қанық, ел шежіресіне жетік, ақыл-парасаты мол ақын болғаны дау тудырмайды.

Үшіншіден, ол бірқатар туындыларына негіз болған аңыз түріндегі ауызша әңгімелерді ұзақ жыл жұрттың санасына сіңірген, әбден піскеннен кейін ғана жаңа шығармаға айналдырған. Яғни, ақынның жаңа туындылары ең алдымен ел алдында әдеби-танымдық және ғылыми апробациядан өтті деуге болады.

Төртіншіден, ол ауызша айтылатын аңыздық нұсқаны поэтикалық нұсқаға алдын ала бейімдей білген деп топшылаймыз. Себебі, қайтадан ауызша жырлаған кезде көркемдік компоненттер біраз қосылғаны болмаса, сюжет желісі аса көп өзгеріске ұшырай қоймайды.

Бесіншіден, ескі жәдігерліктерге жетік ақын бірнеше эпостың және түрлі сипаттағы ертегілердің оқиғаларын нәзиралау арқылы синтездеп, тұрпаты бөлек, көркемдігі жоғары бөлек туынды ұсынған.

Алтыншыдан, Кенен Әзірбаевтың шығыс сюжеттерін поэтикалық тұрғыдан трансформациялау дәстүрінен белгілі бір заңдылықты байқаймыз. Ол салғаннан түркі халықтарына ортақ сюжетке ұлттық сипат сіңіреді, қазақы этнографиялық танымымызға

икемдейді, табиғи болмысымызға сәйкестендіреді. Байырғы жәдігерліктердің бір үзігі болып есептелетін күрмеуі қысқа сюжеттен ішкі бірлігі айқын, құрылымы жетік, композициясы тұтас жаңа шығарманы дүниеге әкеледі.

Жетіншіден, ақын бұрын қарасөз түрінде баяндалған әңгімелерді, тәмсілдерді, мысалдарды, әпсаналарды және ертегілерді ауызекі үлгіде жырлау арқылы соны поэтикалық түр, көркемдік сипат тауып, төкпе жыршының жаңа туындысы ретінде жарыққа шығарып, мәдени қазынамызды байытты.

Тоқ етерін айтқанда, Кенен Әзірбаевтың мол шығармашылық мұрасы әр қырынан қарастырған сайын өзінің беймәлім тұстарын таныта береді. Ақынның шығыс сюжеттерін ел ішінен жиыстырып, өз тарапынан қайта өңдеп, жұртшылықтың талабына лайықтап, ұлттық қасиет дарытып, тың дүниеге айналдырып, поэтикалық жағынан шебер түрленуі руханиятымыздың ғажайып құбылысы ретінде тиісінше бағалануға тиіс.

Әдебиет

Аю дәу, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б. 123-137.

Аюалпаң, Судысалпаң, Таудыталтаң // Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б.155-163.

Әбжет Б., 2008. Түркі және иран халықтары ертегілеріндегі мифологиялық кейіпкерлер. Түркістан: Тұран. 258 б.

Әзірбаев К., 2008. Аңыздар сыры. Көптомдық шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: Өнер. 256 б.

Әзірбаев К., 1984. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. I. Алматы: Жазушы. 360 б.

Әзірбаев К., 1984. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Т. II. Алматы: Жазушы. 352 б.

Әуеде қаз қаңқ етті, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 76. Новеллалық ертегілер. Астана: Фолиант. Б.346-349.

Бөген батыр, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б.291-302.

Гүл мен самұрық, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 74. Қиял-ғажайып ертегілер. Астана: Фолиант. Б.342-346.

Двадцать пять рассказов Веталы, 1958. Перевод с санскрита И. Серебрякова. Москва: Государственное издательство художественной литературы. 149 с.

Делдаш батыр, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б.163-178.

Жаман адамды..., 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 76. Новеллалық ертегілер. Астана: Фолиант. Б. 108-117.

Жарты Төстік, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б. 149-155.

Жолдасбеков М., Төрехұлов Н., 1992. Тоқсан толғау. Деректі-ғұмырнамалық эссе. Алматы: Өнер. 232 б.

Зийа ад-Дин Нахшаби, 1979. Книга попугая (Тути-наме). Перевод с персидского Е. Бертельса. Москва: Наука. 348 с.

Зияаддин Нахшаби. Тотынама. (Орыс тілінен аударғандар – Ә. Қоңыратбаев пен Т.Қоңыратбаев). Алматы: Жазушы. 304 б.

Имад ибн Мухаммад ан-Наари, 1985. Жемчужины бесед (Джавахир ал-асмар). Перевод с персидского М. Османова. Москва: Наука. 400 с.

- Кененова Т., Серікбаева А., 1977. Бозторғай. Алматы: Жалын. 176 б.
- Кененұлы Б., 2019. Алатау, сағындың ба Кененіңді?// «Егемен Қазақстан» газеті. №99. 1 сәуір. Б.7.
- Күлсе, аузынан будақ-будақ гүл түсетін, жыласа, көзінен моншақ-моншақ маржан түсетін құс., 2011 // Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 74. Қиял-ғажайып ертегілер. Астана: Фолиант». Б. 80-87.
- Құйым батыр, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б. 232-252.
- Құл-Мұхаммед М., 2021. Кененнің кемел өнері// «Қазақ әдебиеті» газеті. №20. 8 маусым. Б.3.
- Негимов С., 2019. Тайбурылдың шабысы// «Егемен Қазақстан» газеті. №125. 30 сәуір. Б.8.
- Өтен А., 2008. Кенен Әзірбаевтың әдеби шығармашылығы: филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 32 б.
- Өтетілеуов Б., 1961. Шығармалар. Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 180 б.
- Сайид Хайдар Бахш Хайдари., 1933. Сказки попугая (Тота Кахани). Перевод с языка индустани (урду) М.Княгиной-Кондратьевой. Москва-Ленинград: Academia. 252 с.
- Сейфуллин С., 2013. Шығармалары. Т.3. Өлеңдер мен поэмалар. Астана: Фолиант. 312 б.
- Тотынама, 1987. (Ғ. Файызханұлы нұсқасынан аударылған, жауапты редакторы О.Қанапин). Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы.198 б.
- Тотынама, 2005. (көне түркі тілінен аударған Нияз Тобыш). Ақтау: Ш. Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университеті. 196 б.
- Төреқұлов Н., 1984. Түсініктер // Әзірбаев К. Екі томдық таңдамалы шығармалар. II том, Алматы: Жазушы. Б.349-352.
- Тұлеубаева С., 2009. «Тысяча и одна ночь» в казахской фольклорной традиции. Алматы: Арыс. 200 с.
- Уәли Н., Нұрғожа Қ., 2017. Қара шаңырақ // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интегрция». 856 б.
- Хан қызы, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 76. Новеллалық ертегілер. Астана: Фолиант. Б. 236-242.
- Ханштейн, 2011. Бабалар сөзі. Жүз томдық. Т. 75. Батырлық ертегілер. Астана: Фолиант. Б. 203-218.

Reference

- Aiu дәu, 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. Т. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 123-137. [in Kazakh].
- Aiualpañ, Sudysalpañ, Taudytaltañ. Babalar sözi. Jüz tomдық. Т. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 155-163. [in Kazakh].
- Äbjet B., 2008. Türkı jäne iran halyqtary ertegilerindegi mifologialyq keipkerler [Mythological Images in the Tales of the Turkic and Iranian Peoples]. Türkıstan: Türan. 258 p. [in Kazakh].
- Äzirbaev K., 2008. Añызdar syry. Köptomдық шығармалар jınaғы. 4-tom [Secrets of legends. Multi-volume collection of works. Vol.4]. Almaty: Öner. 256 p. [in Kazakh].
- Äzirbaev K., 1984. Eki tomдық tañdamaly шығармалар. I tom [Selected works in two volumes. Vol.1]. Almaty: Jazuşy. 360 p. [in Kazakh].
- Äzirbaev K., 1984. Eki tomдық tañdamaly шығармалар. II tom [Selected works in two volumes. Vol.2]. Almaty: Jazuşy. 352 p. [in Kazakh].

Äuede qaz qañq etti, 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 76. Novelalyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.76. Novel tales]. Astana: Foliant. P. 346-349. [in Kazakh].

Bögen batyr, 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 291-302. [in Kazakh].

Gül men samüryq, 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 74. Qial-ğajaiyp ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.74. Fairy tales]. Astana: Foliant. P. 342-346. [in Kazakh].

Dvadsät pät rasskazov Vetaly, 1958. Perevod s sanskrita İ.Serebräkova [Twenty-five stories of Vetala., 1958. Translated from Sanskrit by I. Serebryakov]. Moscow: Gosudarstvennoe izdatelstvo hudojestvennoi literatury. 149 p. [in Russian].

Deldaş batyr, 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 163-178. [in Kazakh].

Jaman adamdy..., 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 76. Novelalyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.76. Novel tales]. Astana: Foliant. P. 108-117. [in Kazakh].

Jarty Töstik, 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 149-155. [in Kazakh].

Joldasbekov M., Töreқүlov N., 1992. Toқсан tolğau. Derekti-ğūmyrnamalyq esse [Deep reflections. Documentary-biographical essay]. Almaty: Öner. 232 p. [in Kazakh].

Zia ad-Din Nahşabi., 1979. Kniga popugaia (Tuti-name). Perevod s persidskogo E.Bertelsa [The Parrot Book (Tuti-name). Translated from Persian by E. Bertels]. Moscow: Nauka. 348 p. [in Russian].

Ziaaddin Nahşabi. Totynama. Orys tilinen audarğandar – Ä.Qoñyratbaev pen T.Qoñyratbaev [Tuti-name. Translation from Russian by A. Konyratbaev and T. Konyratbaev]. Almaty: Jazyşy. 304 p. [in Kazakh].

İmad ibn Muhammad an-Naari., 1985. Jemchujiny besed (Javahir al-asmār). Perevod s persidskogo M. Osmanova [Pearls of Conversations (Jawahir al-asmār). Translated from Persian by M. Osmanov]. Moscow: Nauka. 400 p. [in Russian].

Kenenova T., Serikbaeva A., 1977. Boztorğai [Lark]. Almaty: Jalyn. 176 p. [in Kazakh].

Kenenūly B., 2019. Alatau, sağyndyñ ba Keneniñdi? [Alatau, did you miss Kenen?]. Newspaper «Egemen Qazaqstan». №99. April 1. P. 7. [in Kazakh].

Külse, auzyndan budaq-budaq gül tüsetin, jylasa, közinen monşaq-monşaq marjan tüsetin qūs [A bird that drops flowers from its mouth when laughing, and drops diamond beads from its eyes when crying]., 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 74. Qial-ğajaiyp ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.74. Fairy tales]. Astana: Foliant. P. 80-87. [in Kazakh].

Qūiyym batyr. 2011. Babalar sözi. Jüz tomдық. T. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 232-252. [in Kazakh].

Qūl-Mūhammed M., 2021. Kenenniñ kemel öneri [The Perfect Art of Kenen]. Newspaper «Qazaq ädebieti». №20. June 8. P. 3. [in Kazakh].

Negimov S., 2019. Taiburlydyñ şabysy [Tayburyl's run]. Newspaper «Egemen Qazaqstan». №125. April 30. P. 8. [in Kazakh].

Öten A., 2008. Kenen Äzirbaevtyñ ädabi şyğarmaşylyğy: filologia ğylymdarynyñ kandidaty ğylymi дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasiyanyñ avtoreferaty [Literary creativity of Kenen Azirbaev: abstract for the degree of candidate of philological sciences]. Almaty. 32 p. [in Kazakh].

Ötetileuov B., 1961. Şyğarmalar [Works]. Almaty: Qazaq memlekettik körkem ädabiet baspasy. 180 p. [in Kazakh].

Saiid Haidar Bahş Haidari., 1933. Skazki popugaia (Tota Kahani).Perevod s iazyka industani (urdu) M.Knäginoi-Kondratevoi [Parrot Tales (Tota Kahani). Translation from the Hindustani language (Urdu) by M. Knyagina-Kondratiev]. Moscow – Leningrad: Academia. 252 p. [in Russian].

Seifullin S., 2013. Şyğarmalary. T.3. Öleñder men poemalar [Works. Volume 3. Verses and poems]. Astana: Foliant. 312 p. [in Kazakh].

Totynama, 1987. Ğ.Faiyzhanūly nūsqasynan audarylğan, jauapty redaktory O.Qanapin [Translation of the version by G. Faizkhanuly, editor-in-chief O. Kanapin]. Ürimji: Şyñjañ halyq baspasy. 198 p. [in Kazakh].

Totynama, 2005. Köne türkı tılınen audarğan Niaz Tobuş [Translation from the ancient Turkic language by Niyaz Tobash]. Aqtau: Ş.Esenov atyndaғы Aqtau memlekettik universiteti. 196 p. [in Kazakh].

Töreқұлов N., 1984. Tüsinikter [Comments]. Äzirbaev K. Eki tomdyq tañdamaly şyğarmalar. II tom [Selected works in two volumes. Vol.2]. Almaty: Jazuşy. P. 349-352. [in Kazakh].

Tuleubaeva S., 2009. «Tysächa odna nöch» v kazahskoi föklornoı tradısii [«Thousand and one nights» in the Kazakh folklore tradition]. Almaty: Arys. 200 p. [in Russian].

Uäli N., Nürğoja Q., 2017. Qara şañyraq [Sacred dome]. Qazaqtyñ etnografıalyq kategorıialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlü jüiesi. Ensiklopedia [The traditional system of ethnographic categories, concepts and names of the Kazakhs. Encyclopedia]. Almaty: TOO «Alem Damu İntegrısia». 856 p. [in Kazakh].

Han qyzy, 2011. Babalar sözi. Jüz tomdyq. T. 76. Novelalyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.76. Novel tales].Astana: Foliant. P. 236-242. [in Kazakh].

Hanşenteı, 2011. Babalar sözi. Jüz tomdyq. T. 75. Batyrlyq ertegiler [The word of the ancestors. Hundred volume collection. Vol.75. Heroic tales]. Astana: Foliant. P. 203-218. [in Kazakh].

B.Zh. Omarov

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: b_om777@mail.ru)*

Kenen Azirbayev's works: eastern plots and their poetic transformation

Abstract. The article deals with the works of Kenen Azirbaev, a representative of the author's oral poetry, the events of which are based on «wandering plots» borrowed mainly from India. The author analyzes the fable «Happiness, luck and harmony», the fairy tale «Three poor men», the dastan «Heroes of the past» by akyn, comparing the content of these improvised works with the text of the collection of parables «Tuti-name» by Nahashbi and its later versions published by Haidari, an -Naari, Faizkhanuly, Tobush. As a result of the study, the features of the multi-stage process of artistic modification and translation of written and folklore sources in a specific cultural and historical environment, their adaptation to the needs of the local audience are revealed. The performing skills of Kenen, who virtuoso played the dombra and had a wonderful singing voice, gave him the opportunity to glorify his works among the general public. Kenen was not only the creator of poetic masterpieces, but at the same time he was a connoisseur of oriental literature and collected samples of oral folk literature of the Kazakhs, as evidenced by the harmonious synthesis of elements of folklore, oral poetry and written literature in his work.

Keywords: poetic art, author's oral poetry, eastern plot, «Totynama» story, fairy tale, legend, fable, parable, poetic transformation.

Б.Ж. Омаров

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan
(E-mail: b_om777@mail.ru)

Творчество Кенена Азирбаева: восточные сюжеты и их поэтическая трансформация

Аннотация. В данной статье рассмотрены разножанровые произведения видного представителя авторской изустной поэзии Кенена Азирбаева, сюжеты, мотивы и фабулы которых основаны на «бродячих сюжетах», заимствованных с Востока, преимущественно из Индии. Автор подвергает научному анализу басню «Счастье, удача и согласие», сказку «Три бедняка», дастан «Богатыри былых времен» казахского народного акына, сравнивая содержание и поэтический строй этих импровизированных сочинений с оригинальным текстом сборника притч «Тути-наме» Нахашби и его поздними версиями, опубликованными в разные годы Хайдари, ан-Наари, Фаизханулы, Тобышом. В результате исследования раскрываются особенности многостадийного процесса художественной модификации и трансляции исходных письменных и фольклорных источников в конкретной культурно-исторической среде, а также их адаптации к потребностям локальной аудитории. Высокое исполнительское мастерство Кенена Азирбаева, виртуозно игравшего на казахском музыкальном инструменте – домбре и имевшего прекрасный певческий голос, дало ему возможность прославить свои произведения среди широкой массы слушателей. Особо отмечается, что Кенен Азирбаев являлся не только творцом поэтических шедевров, но в то же время он был прекрасным знатоком восточной словесности и всю свою активную жизнь занимался сбором и обработкой бесценных образцов устной народной литературы казахов и кыргызов, о чем свидетельствует гармоничный синтез в его творчестве элементов фольклора, изустной поэзии и письменной литературы.

Ключевые слова: поэтическое искусство, авторская изустная поэзия, восточный сюжет, истории «Тотынама», сказка, легенда, притча, басня, поэтическая трансформация.

Автор туралы мәлімет:

Омаров Бауыржан Жұмаханұлы, филология ғылымдарының докторы, телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Сәтбаев к., 2, Қазақстан Республикасы.

ORCID 0000-0002-7750-2741

Information about the author:

Omarov Baiyrzhan Zhumakhanuly, doctor of philological sciences, professor of the Department of Television, Radio and Public Relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Satbaev str., 2, Republic of Kazakhstan.

ORCID 0000-0002-7750-2741

Информация об авторе:

Омаров Бауыржан Жумаханұлы, доктор филологических наук, профессор кафедры телерадио и связи с общественностью, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, ул. Сатбаева, 2, Республика Казахстан.

ORCID 0000-0002-7750-2741